

ӘОЖ 82-311.1

ҒТАХР 17.82.31

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.042>

Т. ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «ТАЛТҮС» РОМАНЫНДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

* Айдарбекова А.А.¹

¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы – жетім бала психологиясын, дүниетанымын аша алған шығарма. Прозалық шығармадағы жетім бала бейнесі арқылы жеке адамның тағдырын ғана емес, жалпыадамзаттық болмысты тануға болады. Романда атасы әке-шешенің жоқтығын білдірмеуге тырысып, жасырып-жасқаса да бала бойында метафизикалық сағыныш менмұндалайды. Өгей шешеден теперіш көрген баланың ішкі қорқыныштары мен күрескерлік қасиеті шебер суреттеледі. Сондықтан болар, бас кейіпкер өзін кітаптардан, домбыра пернесінен, дастархан басындағы тағылымды әңгімелерден құрап алуға тырысады.

Мақаланың негізгі мақсаты – автордың «Талтүс» романындағы жетім бала Әжігерейдің ішкі әлемін суреттеу және экзистенциалдық жалғыздық мәселесіне үңілу. Бұл мақалада жетім баланың жан-дүниесіне жан-жақты барлау жасалып, рухани жалғыздық мәселесі философиялық және психологиялық тұрғыдан зерделенеді. Негізгі идеясы – жаны жараланған кейіпкерді суреттеудегі автордың қолданған көркемдік тәсілдерін талдау. Тамырсыздық, белгісіздік мәселелерінің кейіпкер санасына әсер етуі арқылы рухани аш жетім баланың өзіндік «менін» іздеу жолындағы сапарын сипаттау. Зерттеуде көркем-әдеби талдау әдісі, психологиялық талдау әдісі, когнитивтік талдау әдісі, экзистенциалдық-философиялық әдіс және болжамдық әдіс қолданылады.

Зерттеу нәтижесінде, автордың «Талтүс» романы – күйшілік өнерден сыр шерту ғана емес, күй арқылы өзін табуға тырысқан жетім баланың талпысы, тұлға ретінде қалыптасу жолы, символика арқылы берілген сана түкпіріндегі қорқыныштары зерттелген шығарма екені анықталады. Сонымен қатар, жетімнің ішкі күйі мен тартқан күйіндегі байланыс тұжырымдалады. «Талтүс» романының негізгі тақырыптарының бірі күй өнерінің дамуы ғана емес, жетім баланың ішкі күйіне үңілу екені анықталады. Автордың бас кейіпкерді жетім бала ретінде алу себептері зерттеліп, тиісті қорытындылар жасалады. Бас кейіпкердің жетімдіктен алған жарақаттарын күй өнері, яғни музыкалық терапия арқылы емдеуге тырысқаны да зерделенеді. Зерттеу жетім бейнесін әдеби-теориялық тұрғыда талдауға негіз болып, алынған нәтижелерді оқу және ғылыми тәжірибелерде қолдануға ұсынылады.

Тірек сөздер: талтүс, жетім бала, жалғыздық, жан жарақаты, тұлға, өнер, музыка, күй, балалық шақ

Кіріспе

Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы – қазақ даласында күй өнері мен күйшілерді жаңғыртуға тырысатын, күйлердің тарихын, орындалу жүйесін, дәстүрлі музыкалық терминді зерттейтін шығарма. Алайда, автордың өзі айтқандай, роман адамзаттық деңгейдегі бірнеше мәселелерді қозғайды. Оның ең маңыздысы – романдағы бас кейіпкер Әжігерейдің жетімдігі. Әжігерейдің жетімдігі – физикалық қана жетімдік емес, рухани және экзистенциалды жетімдік. Әлем әдебиетінде жетімдік тақырыбы – ең көне тақырыптардың бірі. «Библиядан» басталып «Квазимодо», одан қалды Ф. Достоевскийдің «Жасөспіріміне» дейін жалғасатын туындылар адамзат санасында когнитивтік тепе-теңдікті орнатуда. Ал қазақ әдебиетінде Әжігерей секілді жетім балалар көп. М. Омарханұлының «Жетімі», «Қорғансыздың күні», «Көксерегі», С. Мұратбековтың «Жабайы Алмасы», «Жусан иісі», «Жанболаты», О. Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз аты», Д. Исабековтың «Бекеті», «Сүйекшісі», т.с.с. Бұл жетімдерден Әжігерейдің айырмашылығы өзін өнерден іздеп жолға шыққаны еді.

Жалпы жетімдік ұғымы адамзатқа тән. Бірақ оны кім, қалай көтереді, түсінеді, соған байланысты. Кейіпкер жетімдігін экзистенциалық трансценденцияға айналдырды, сырын күйге ашты, күйшілік өнерді жанына серік етті, қуанышын да, қайғысын да, өкпе-ренішін де домбыра шанағымен сөйлетті. Нақтыласақ, романның алғашқы сөйлемдерінен бастап Әжігерей жетімдіктің ащы дәмін татады. «Бақытты балалық шақ деген сөздің мағынасын ешқашан байыптаған емес. Тіпті, балалық шақ болып па еді, есіне түсіре алмайды» [1, 9 б.]. Бұл жолдар Әжігерей тағдырынан сыр шертеді. Әуелден өгей шешесі Күлбағиланың қолынан күніне бірнеше мәрте таяқ жеп, итаяқтан су ішіп, «қорғасындай ауыр көзқарасынан» сескеніп өмір сүреді [1, 26 б.]. Күй өнерінің киесін арқалап жүрген жас балаға өгей шешенің қорлық көрсетуі – өлім туралы ойларға да жетелейді. Осы сәтте бала мен табиғат арасындағы параллелизм шебер суреттелген. Ол өлім мен өмір арасындағы арпалыста жүріп, жарыққа қарай ұмтылады, Жер Анадан күш-қуатын жинайды. Кемеңгер табиғатпен тілдесіп, тіршілік берген Құдай басқасын да беретінін жақсы түсінеді [1, 31 б.]. Көсеге сияқты өмірге сорың қалың болып келіп, тіршілікке бауыр басып үлгермей жатып, өмірден өтудің азабынан сескенеді. Ақырында Сабыт ақсақалға өгей шешесінен құдай көріп жүргенін айтады. Сабыт ақсақал балаға зорлық көрсеткені үшін қатты күйініп, Күлбағиланы сабай жөнеледі. Дәл солай зорлықты зорлықпен тыйғысы келеді. Күлбағила ауылына кетеді. Бірақ аз уақыт өткен соң Күлбағила қайта келіп, Әжігерейге мейірімділік таныта бастайды. Осы сәтте Әжігерейдің бойында туған анасымен қауышқандай ерекше қуаныш

сезімі жүріп өтеді. Бірақ, көп ұзамай Әжігерей артына қарағанда апасының тісі ақсып, қорқынышты кейіпке айналып кеткенін аңғарамыз. Демек, кейіпкер санасында өгей шешеге деген қорқыныш мифтік мыстан бейнесін оятып, мифопоэтикалық тұрғыда репрезентацияланады. Осыдан-ақ, жетім баланың көрер азабы алда екенін болжаймыз.

Осы ретте айта кету керек, Күлбағиланың өзі де тағдырлы кейіпкер. Шығарма соңына қарай автор Әжігерей апасының қатігез болмысының қалыптасу себептерін біртіндеп ашады. Ол 10 жасында ақтың әскерлері үй ішін түгелімен қырып кеткенін өз көзімен көрген. 10 жастағы балаға ең аяулы адамдарының қанға бөгіп, аса қатыгездікпен өліп жатқанын көру – жан дүниесінде мәңгілік жазылмас жара қалдырады. Бала бейсанасында өлімді ерте тану феномені оянып, жетімдік архетипі белсендіріледі. «Бала жаны – мөлдір әйнек іспеттес. Оған түскен әрбір сәуле – мәңгілік із қалдырады» [1, 81 б.]. Оның қатігездігінің, қатандығының артында өткен өмірінің көріністері менмұндалайды. Осылайша, Күлбағила да жетім қалған. Бұл – Д. Риццолаттидің «Айна» теориясына сәйкеседі. «Бір адам екінші адамның бойынан өзі сезінген эмоцияларды сезінсе, әрекетін өзіне ұқсатса, бұрынғы күйді бастан өткергендей болады» [3, 11 б.]. Сәйкесінше, Әжігерейдің бойындағы жетімге тән әрекеттері мен қылықтары Күлбағиланың жан-жарақаттарын қозғап жіберген. Бұл Күлбағиланың бойында ашушандық мінез-құлқын туғызып, күш көрсетуге үйірсектікті қалыптастырады.

Бақсақ, Сабыт ақсақал Күлбағилаға, Күлбағила Әжігерейге зорлық көрсетеді. Бұл әрекеттер ашаршылық, бодандық, соғысты бастан кешкен қазақ ауылдарының адамдарында бейсаналы түрде жүріп жатады. Ал Әжігерейдің жетімдігіне әлімжеттік қосылып, жан жарақаттарын тереңдетіп жібереді. Атап айтсақ, кейіпкердің физикалық, психологиялық және экзистенциалдық жетімдігі – бала бойындағы ішкі «меннің» бөлшектенуіне әкеледі. Әдетте адам бойын физикалық немесе рухани аштық бойлап алғанда моральдық тұлғалары, ішкі дүниесі, кісілік салттары түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырады. Негізгі қалыбы, құрылымы бұзылады. Нәтижесінде, бірнеше «мен» адам бойында адам айтса нанғысыз күреске түседі.

Бірі – тамырынан ажыраған, белгісіздікте өмір сүріп жүрген бала бейнесі. Ең қиын дүние – ата-анасыз өсу, бірақ одан да ауыры қайдан тамырлағанынан хабарсыз болу. Әжігерей де әңгіме арасында абайсызда «апа» деп жүргені өз анасы емес екенін естіп қалады. «Ата» деп жүргені әке емес. Сонда анасы кім, әкесі кім, Әжігерейдің өзі кім? Күлбағила қанша жерден таяқтаса да «анам ғой» деген ой тыныштық тапқызатын. Ал енді аталған оқиға бала бойында бостық сезімін тудырып қана қоймай, оқырмандарды да ойлантады. Осы сәттен бастап, кейіпкердің өзіне және айналасына сенімсіздігі үңірейе түседі. Қысқа-қысқа диалогтар. Көпшілік ортада тұйықталып қалу. Өзінің жетім екенін білдірмеуге тырысып, кезіккен

адамдармен жадырап сөйлесу. Өлімнен қорықпау. Домбыра құлағында жылдар бойы ойнаса да, сыныбына күйшілік өнері бар екенін білдірмеу. Жарыққа шығуға ұмтылмау. Кейіннен «Қандай ғажап күйшісің», «сабақты да 5-ке оқисың» деген секілді сөздерден өзін құрап алуға тырысу. Осы аталған әрекеттердің барлығы бала санасында экзистенциалдық жалғыздық күйі жүріп жатқанының дәлелі еді. Жүсіпбек Аймауытовша айтсақ, ата-анасының кім екенін, қайдан шыққанын, немен айналысқанын білмей өскен балада ішкі тірек болмайды [2, 15 б.]. Ал ішкі тірек дегеніміз не? Ол не үшін керек? А. Құнанбайұлы «ішкі тіректі» ақыл, қайрат, жүрек деп білсе, Ш. Құдайбердіұлы ар ілімі екенін алға тартады. К. Роджерс «әр адамның жан дүниесінде өсуге, жетілдіруге ұмтылдыратын ядросы болады», – дейді. Демек, ішкі тірек – адамның құндылықтары мен мақсатын қалыптастыратын, болашақта табысқа жетуге ұмтылдыратын, жанға тыныштық сыйлайтын әлдеқандай күш.

Сондықтан болар, Әжігерей жанарына үңілген әр ер адамнан «әке», балам деп басынан сипағаннан «ана» іздеп тұрады. Кейде көшеде кетіп бара жатқан жүзі жылы әйелді көре қалса, «бәлкім, осы анам шығар» деген ой жылт ете қалады. Жанынан өте шыққанда өмірге деген өкпе-наласы қайтадан оянып, жанын отқа салады. Өзін ешқашан «толық адам» сезінбейді. Осы ретте шығармадан түс символикасын да бірнеше мәрте аңғара аламыз. Әдетте түске сену, түстен алған әсерлерімен тояттану – баланың тағы да ішті тіректі қалыптастыру жолы. Романның басында, ортасында және аяғында Әжігерей әлдебір мейірімді адамның бейнесін түсінде көреді. «Әлдебір мейірімді адам... кім екені белгісіз... әйтеуір, мейірімді екенін біледі... Қолынан нық ұстап жетелеп келеді. Жол иісі аңқыған қаншама, өзен-көлдер» [1, 26 б.]. Жұпар аңқыған жолда жан-дүниесі мейірімге тұнып тұрған әлдебір адамның жетелеп келе жатуы анасы болуы мүмкін деп болжаймыз. Себебі, мейірімді адам десе, есімізге ең әуелі ананың махаббатқа толы жүрегі түсетіні белгілі. «Әлдебір жақта туған анам өмір сүріп жатыр» деген ой Әжігерейдің санасынан бір сәтке де өшкен емес [1, 294 б.]. Бәлкім, дәл осындай түс көру себебі де бейсанасында орныққан ақпараттардан болуы мүмкін. Ал, екінші мағынасы ретінде атасы Сабыт ақсақалды да алуға болады. Сабыт – әкенің де, ананың да орнын басқан, күйшілік өнерге қолынан тартып, жетелеп келе жатқан жебеушісі іспеттес. Одан бөлек, Әжігерей дастархан басында Иләпі туралы айтылғанда да төбеден үш періштенің ұшып өткенін сезінеді. Жетім баланың «ішті тірек» іздеу жолындағы қиялы қияларға бастайды...

Екінші «мен» – өзін табуға ұмтылған, күйшілік өнермен айналысатын, ақылы толысқан болашағы жарқын азамат бейнесі. Шығармада Әжігерейдің ойлау жүйесімен барланатын оқиғалар ретіне бойлау арқылы жетім баланың болашағына сеніммен қарай аламыз. Ол әр күйдің тарихын білуге ұмтылып, күйшілермен терең сұқбаттар құрып, күй қағыстарын үйренеді. Тіпті, жаңа күй шығаруға бейімделеді. Көненің көзі саналатын Сәруар

қарттан жаңа күйлер үйреніп, ауылына дейін іздеп барады. Одан бөлек, мектептің аядай ғана кітапханасынан өз жасына сай емес, ересектердің өзі бірнеше мәрте қайталап оқығанда әрең түсінетін Эмиль Золяның «Жерминалын», Жеромскийдің «Евасын» оқиды. Дастархан басында Сабыт ақсақалдың айтқан әңгімелерін жадына жазып алады. Одан өзіндік ойын қалыптастырады. Мектепте де үздік оқуға тырысады. Тіпті, ұлдармен төбелесте де жеңіп шыққысы келеді. Мұның барлығының артында «маған біреу жылы сөзін арнаса екен», «мейірім көрсетсе екен» деген қалау, тілек жатыр. Кейіпкер қай «менді» көбірек қоректендірсе, сол «мен» Әжігерейдің болмысын құрап шығарады. Себебі, өмірдің мәні конструктивті ғылымнан тұрады. Адам дүниеге келгеннен анасынан, әкесінен, ата-әжесінен, туғандарынан, айналасы, дос-жаранынан, олардың ойлары мен сөздерінен, қызығушылықтарынан құралады. Бұл романда да Әжігерей өзінің жетім екеніне іштей қынжылса да ондай «көлеңкелі тұсын» көпшіліктен жасыруға тырысады, позитивті ойлау дағдысын қалыптастырады. Бәлкім, Әжігерей Күлбағиладан қорлық көріп жүрген шағында көп түңіліп, ертеңіне өкінішпен қараса, өз-өзін қамшыламаса, одан дарынды күй шығар ма еді, шықпас па еді, кім білсін?!

Үшіншісі – қорқыныштарынан құралған, ішкі сезімдерін толық танымайтын, бәрін үнсіз көтеретін «мен». Шығарманың аяғына қарай Сабыт ақсақал өмірден өтеді. Сабыт – дүниеге келе салып, бауырына басқан, бар жылы-жұмсақты аузына салған, «балам» деп еркелетіп, кісілік салттарды бойға дарытқан «әке» орнын толықтырған адам. Әйткенмен, автор Сабыт келместің қайығына мініп кете барғанда да аталап боздамайды, қыстығып жылап та алмайды. Жан дүниесінде жүріп өткен алапат күй ашылмай қалады. Оған себеп – жаны жарақаттанған балалар балалық шағынан алекситимиялық күй кешеді [4, 5 б.]. Сезімдерін өзге түгілі өзінен жасырып, эмоцияларын көрсете алмайды, қорғаныс механизміне тығылады. Ол іштей осы оқиғаға дайын жүруі де мүмкін. Бірақ «жыласам да енді жұбататын кімім бар» деген ой кейіпкердің бойын керней береді. Сондықтан болар, ол бар мұң-қайғысын күйге төгеді. Дәл осыған ұқсас жағдай Әжігерейдің алғашқы махаббатынан ажырауында да көрініс табады. Гүлшатпен махаббаты әдемі басталып, барлық сатыларынан қол ұстасып өтеді. Әжігерей аспанда қалықтап жүргендей ерекше бақытты күй кешеді. Тіпті, азын-аулақ уақытқа күй өнерінен алыстап та кетеді. Бірақ өкініштісі, шығарма соңында Гүлшат «Сенің сорың қалың. Өйткені өнерің биік. Атаң өнерді сор ғана көтереді деген» деп қоштасу сөзін айтқанда да Әжігерей жан дүниесімен Гүлшаттан ажырағысы келмесе де үнсіз қалады [1, 94 б.]. Үнсіздік – келісу емес, сезімдердің жасырылуы. Осы ретте күрескерлік танытпай, қыз шешіміне келісе салуында да психикалық жарақаттарының әсері жоғары.

Шығарманың соңында Әжігерей анасы Қалимамен қауышады. Өгейлік көрсетіп жүрген Күлбағила да ол кезде Әжігерейді өз баласындай

сезініп қалған еді. Қимайды. Қимаса да жақсы көргендіктен «анаңа бара ғой» деп рұқсатын береді. Бұл жерде де жетім баланың бойын қуаныш не өкініш кернемейді, тағы үнсіздікке жұтылады. Сезімдерінен қашады. Оған себеп 18 жасында анасымен қауышуы – биографиялық факт еді. Бірақ, 18 жыл бойғы болмаған балалық шағы – мәңгілік жетімдік ретінде сана ағымында жатталып қалады. Осылайша, тағы да Әжігерей күй арқылы өткенге сағынышын білдіреді.

Бұл мақаланы жазудағы басты мақсатымыз – Т. Әсемқұловтың «Талтүс» прозалық шығармасы арқылы жетім баланың жан дүниесіне бойлау, жетімдік архетипін репрезентациялау, экзистенциалдық жалғыздық мәнін қарастыру, қазақ әдебиетіндегі өзіндік орнын ерекшелеу. Мақалада зерттеу 4 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – теориялық түсіндірме беру. Қазақ әдебиетіндегі жетім мотивінің қолданылу аясы қарастырылды. Екінші кезең – көркем шығарма арқылы талдау жұмыстарын жүргізу. Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романындағы жетімдік мәселесінің түп тамырына үңілдік, жетімдіктің бала психологиясына әсеріне зерттеу жұмысы жүргізілді. Кейіпкердің ішкі әлеміне психоаналитикалық талдау жасалды. Үшінші кезең – мәдени мифологиялық, когнитивтік тұрғыдан зерделенді. Бас кейіпкердің өгей шешесін мыстан кейпінде көруі, төбеден періштелердің ұшуы, түс көру символикасы мен оның мәні мақала барысында анықталды. Біртұтас «меннің» бірнеше «менге» ыдырауы кейіпкердің бойында қалай көрініс тапқанына мысалдар келтірілді. Төртінші кезең – тұжырымдау. Қазақ әдебиетіндегі жетім бала бейнесінің қолданылу себебі, автордың өмірбаянында көрініс табу мәселесіне қатысты тұжырымдар жасалды. Тақырыптың көркемдік-идеялық мәні толығымен ашылды.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Жұмыстың зерттеу материалы ретінде Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы негізге алынды. «Талтүс» романындағы жетімдік мәселесін бірнеше түрге бөліп қарастырдық. Атап айтсақ, рухани күйзеліс тұрғысынан, әлеуметтік құбылыс ретінде және ұлттық болмыспен байланыстырылды.

Зерттеу барысында қазақ әдебиетіндегі жетім бала дүниетанымын ашу мақсатында бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Әдіснамалық негіз ретінде көркем-әдеби талдау әдісі, психологиялық талдау әдісі, когнитивтік талдау әдісі, экзистенциалдық-философиялық әдіс және болжамдық әдіс таңдап алынды. Бұл әдістер мақаланың мәнін толығымен ашып, ғылыми негіздеме жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде көркем-әдеби талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романына толығымен бойлауға септігін тигізді. Автордың романды жазу себебі, бас кейіпкер ретінде жетім баланы алуы, оның бойындағы психологиялық жарақаттары, экзистенциалдық жалғыздық мәселесі, жетімнің ішкі күйі мен тартқан күйі арасындағы байланысы сипатталды. Бала әуелден ата-анасының кім екенін білмей өссе,

оған өгей шешенің зорлық көрсетуі жанына «қосарланған жарақат» салғаны жөнінде шығармадан мысалдар келтірілді.

Көркем-әдеби талдау әдісімен қатар, психологиялық талдау әдісі жүргізілді. Бұл әдіс барысында Ж. Аймауытовтың «Психология» және К. Юнгтың ғылыми тұжырымдары негізге алынды. Бас кейіпкердің өмірден қоштасқысы келген сәтінде қалай аяққа тұрғаны, өгей шешесіне қарсы күрескерлік танытқаны, күй өнерін жанына жалау еткені сипатталды. Өгей шешенің өзі бала кезінен жетім екені анықталып, Д. Риццолаттидің «Айна» теориясы арқылы түсіндірілді.

Когнитивтік талдау әдісі – жетім баланың дүниені қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес зерттелді. Аталған әдіс зерттеудің негізгі әдісі ретінде қолданылды. Бір «меннің» үш «менге» ыдырауы туралы кейіпкер өмірінен мысалдар келтіріліп, түсіндірілді. Тамырынан ажыраған, белгісіздікте өмір сүріп жүрген баланың дүниетанымына барлау жасалды. Сондай-ақ, ақылы толысқан, болашағы жарқын азаматтың бейнесі ретінде де қарастырылып, соған сай нақты мысалдар келтірілді. Үшінші «мен» ретінде ішкі сезімдерін танымайтын, эмоцияларын жасыратын кейіпкер «мені» қарастырылды. Сондай-ақ, бәрін үнсіз көтеретін «меннің» астарында жасырынған жан жарақаты ашып көрсетілді. Экзистенциалдық-философиялық әдіс түрі – өмірдің мәнін түсінуге ұмтылдырып, өлімнен қорықпау себептерін айқындайды. Сондай-ақ, еркіндік, жауапкершілік, құндылық, өмірлік шектеулердің қабылдау мәселелерін де зерттейді. Аталған әдіс түрінде бас кейіпкердің бойындағы құндылығы күйшілік өнер екенін тануға мүмкіндік берді. Өмірлік шектеулерді қабылдау барысында атасы Сабыт ақсақалдың өмірден өтуі, Гүлшаттан ажырауы секілді қиындықтарға тап болып және сол сәттерде қалай әрекет еткеніне мысалдар келтірілді. Бас кейіпкердің ішкі дағдарысы, өзін жоғалтып алған сәттерде өмір сүруге ұмтылысына экзистенциалдық-философиялық әдіс тұрғысынан баға берілді. Кейіпкер «мен кімін», «әкем кім», «анам кім» деген сұрақтарға жауап іздеді.

Соңғы әдіс түрі – болжамдық әдіс. Зерттеу барысында кейіпкерлердің әрекетіне қарай оқиғаның қалай өрбитініне байланысты болжамдар келтірілді. Атап айтсақ, өгей шешесінің мифтік мыстан бейнесінде көрінуіне қарап, болашақта да жетім баланың әлімжеттік көретінін болжадық. Кейіпкердің түс көру барысында жағымды, мейірімді бейнені көруіне қарап, ол «анасы» болуы мүмкін деген болжамдар жасалды. Әжігерейдің әрекеттеріне қарай ғылыми тұрғыдан мысалдар келтіріп, гипотезалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романы негізінде жетім бала Әжігерейдің ішкі әлеміне, жан дүниесіне, құндылықтарына, сезімдеріне барлау жасалып, экзистенциалдық жалғыздық мәселесіне үңілдік. Көркем-әдеби талдау әдісі, психологиялық талдау әдісі, когнитивтік талдау әдісі, экзистенциалдық-философиялық әдіс және болжамдық әдістер

арқылы жетім бейнесі кеңінен ашылып, кейіпкердің дүниені қабылдау ерекшеліктері сараланды. Сонымен қатар, жетім бала өгейлік көрсе, алатын жарақаттары қосарланатыны дәлелденді. Зерттеу барысында жетімдікпен қатар жүретін жалғыздық мәселесіне де талдаулар жүргізілді. Жетімдіктің бір мағынасы жалғыздық. Бас кейіпкердің физикалық жалғыздығынан бөлек, рухани жалғыздығы да шығарманы талдау барысында көрініс тапты. Мәселен, адам өмірге жалғыз келіп, жалғыз кетеді. Онтологиялық жалғыздық – абсолютті ақиқат. Бірақ адам жалғыздығы тереңдеген сайын қауіп пен үрей күшейеді. Қарым-қатынасқа зәрулік туады. Әжігерейдің Гүлшатпен махаббат құруында да ата-анадан алуы тиіс сезімдері, сүйіспеншілікке деген терең қажеттілігі жатуы мүмкін деген болжамға келеміз. Есейген шақта кеудедегі бос орынды адамдар уақытша қарым-қатынаспен толықтырғысы келіп тұрады. Бірақ, мұндай адамдардың кейде қауіптілігі де болуы мүмкін. Себебі, ішкі бостықты толтыру мақсатында қарым-қатынас құру толыққанды махаббат деген сөз емес.

Сондай-ақ, шығармада кездесетін Әжігерей мен Күлбағиланың жетімдігіне, ішкі күйлеріне психологиялық және философиялық зерттеулер жасалды. Ең маңыздысы, тамырсыздық, белгісіздікте өсіп келе жатқан жастың жан дүниесіне оқиғалардың әсер етуі сараланды. Одан бөлек, зерттеу барысында Т. Әсемқұлов бас кейіпкердің прототипі екені анықталды. Кейіпкердің негізі мәселесі ретінде физикалық жетімдікте дүниеге келу себептері көркем суреттелді.

Нәтижелесек, автордың «Талтүс» романының көтерген тақырыбы – мәңгілік өмір сарыны. Әлемде жетімдер болмаса дейміз, бірақ жетімдік тақырыбы жазылмаса, қай тарапта тартарымыз белгісіз. С. Қасқабасов: «Жетімдік мәселесі – қазақ эпостары мен ертегілерінің негізгі фабулалық өзегі», – дейді [5, 220 б.]. Ал, романда жетімдік мәселесінен туындаған мөлдір мұнның әлдіі әуезді шығады. Автор негізгі мәселе ретінде күйшілік өнерді шеберден шәкіртке қалдыруға ден қойғанымен, жасырын түрде жетім мәселесін алға тартады. Өзінің өміріндегі тар жол, тайғақ кешуін суреттейді. Әдетте, балалар 18 жыл бойы ата-анадан тәлім мен мейірімге қанып өсіп, 18 жасында ұядан түлеп ұшып жатса, Әжігерейде заңдылығы бұзылады. 18 жыл бойы тұл жетімдіктің күйін кешіп, әбден ер жетіп, ес тоқтатқанда ата-анасын табуы кейіпкер үшін аса түсініксіз еді. Ерте жастан тұрақты эмоциялық байланыс орнамаған. Сондықтан бала күніндегідей еркелей алмайды, тактильді қарым-қатынас құра алмайды. Мүлде бір бөтен адамдардың ортасына түсіп кеткендей күй кешеді. Одан бөлек, кейіпкер бойында тағы да ата-ананы жоғалтып алу қорқынышы туады. Д. Боулбидің түсіндірмесінде мұны «екінші жарақаттануға деген үрей сезімі» дейді [6]. Соның әсерінен бала ата-анадан бойын аулақ ұстап, өзі алыстап кетуі де мүмкін деп болжанады. Қалыптасқан «мендермен» психологиялық реализм сәйкес келмейді. Мұндай кейіпкерлер қазақ және әлем әдебиетінде жиі кездеседі. Мәселен, О. Бөкейдің «Қар қызында» Қоңқай деп жүрген ішкі

қайшылықтары басым, қоғамнан шет қалған, жағымсыз кейіпкер әкелері болып шығады. Қоңқай бейнесі – экзистенциалдық жалғыздық бейнесімен пара-пар. Десе де, шығарма соңында үш жігіттің біреуі әкесімен тұруға шешім қабылдайды. Одан бөлек, әлем әдебиетінде Марк Твеннің «Гекльберри Финнің бастан кешкендері» атты шығармасында да осы тәжірибе кездеседі. Гекльдің ұзақ уақыт бойы әкесінің болмауы және кейіннен пайда болуы, бас кейіпкердің санасында жарылыс сезімдерін тудырады [7].

Осы ретте шығармадағы негізгі кейіпкердің басты мәселесі неге жетімдік деген сұраққа жауап беріп көрелік. Әрине, жетімдік тақырыбы – К. Юнг ілімі бойынша, әмбебап архетип. Жетім баланың ішкі әлемі қашан да жұмбақ. Ал әдебиеттегі жетім кейіпкердің болмысын ашу қоғам мен адам арасында мәңгілік көпір орнатады. Жетім бала тақырыбы сол дәуірдің әлеуметтік мәселелерін ашады. Оқырмандардың да қорғансыз кейіпкерге деген аяушылық сезімі оянып, экзистенциалдық үрей кешеді. Осы ретте қорғансыздық түсінігі кейіпкердің әрекетке қабілетсіздігі, ерік-жігерінің жоғалуы, жағдайға бағыну сынды контекстік белгілер арқылы вербалданады [8, 101 б.]. Әуелгі себеп автор бас кейіпкерге 1889 жылы дүниеге келген атақты күйші Әжігерей Дүйсеғұлұлының есімін берген. Бұл күйшінің де өмірбаянын ақтарсақ, ата-анадан ерте айырылып, жетім өскенін аңғара аламыз. Десе де, шығармада Әжігерей Дүйсеғұлұлының тағдыры суреттелмейді. Себебі, автордың санасында кейіпкерін Әжігерей деп атауының артында Әжігерей секілді күйші болса екен деген қалау мен ниет қана жатыр. Негізінен Т. Әсемқұловтың өмір жолынан таған тартады. Демек, романдағы Әжігерейдің прототипі – автордың өзі. Таласбек – шертпе күй мектебінің өкілі, өз жанынан туған 8 авторлық күйі бар. Автор да ерте есейіп, бақытсыз балалық шақтың дәмін татқан. Дүние есігін аша салып, дәл Әжігерей секілді нағашы атасының бауырында өседі. 7 жасынан 18 жасына дейін атасы Жүнісбай Стамбаев дәстүрлі музыкалық өнерді бала жанына сіңіреді. Таласбек 18 жасқа келгенде күйші атасы өмірден өтеді. Осы ретте Таласбек сұқбаттарынан да, «Талтүс» романынан да «ата-ана махабатынан қағылдым» деген атасына деген реніші бірде-бір рет байқалмайды. Себебі, Таласбек атасының арқасында күйшілік өнерді жанына серік еткені өмір бойына азық болды. Бұл ретте, кейіпкерді толық тану үшін, жан дүниесіне бойлау үшін авторды білуіміз керек. Оның санасындағы әлем моделі, ұлттық мәдени коды, өмірбаяны, туып өскен жері, сенсорлық қабылдауы, жан-жарақаттары кейіпкерде көрініс таппай қоймайды. Дарем атты Англия университетінің ғалымдары жүргізген зерттеуге сәйкес, 181 жазушының 63 пайызы шығармадағы кейіпкерлердің дауысын күнделікті еститінін айтса, 15 пайызы сөйлесіп жүргенін жеткізеді. Демек, автор үшін кейіпкер өмір сүретін әлем – параллелді әлем, ал кейіпкер болса, автордың екінші бір жағы немесе көлеңкелі тұсы деген сөз.

Э. Хемингуэйдің «Нағыз жазушы жетімнен шығады» («Настоящий писатель вырастает из сироты») деген тұжырымына сүйенсек [9, 157 б.],

Т. Әсемқұловтың жетімдік тақырыбына именбей баруына да өз басынан өткен оқиғасы, өмірбаяны толықтай әсер еткен. Сондай-ақ, өмірде көрген көптеген қиындықтар мен бейсанасында сақталып қалған оқиғалар желісі шығарма жазу барысында көрініс тапқан.

Қазақ әдебиетінде жетімдер туралы қалам тартқан жазушы жетімдер де баршылық. Мысалы, «О, Ақтан жас, Ақтан жас» деп жырлаған Д. Бабатайұлы, «Әпке», «Бекет» шығармаларын жазған Д. Исабеков, «Кәдімгі өздеріміз туралы» мен «Жылдар мен ойлардың» авторы әкесінен 6 жасында айырылған Ә.Тәжібаев, «Болмаған балалық шақтың» авторы А. Елгезек, «Имештің» авторы С. Шаймерден ата-анасынан ерте жастан айырылған, т.с.с. Байқасақ, осы аталған шығармаларды жазған авторлар санасындағы әлем моделін қағаз бетіне боямасыз түсірген. Дегенмен М. Мағауин «Мен» ғұмырбаяндық романында «Жазушы жетімнен шығады» деген сөзбен келіспейтінін айтады [10, 156-158 б.]. Себебі жетім адам көп жағдайда тұңғыыққа құлауға бейім болады, ондай адамнан жазушы шығуы екіталай. Ал, Қ. Мырза Әлі «Иірімінде» Э. Хемингуейдің сөзімен келіседі. «Мен де жоқшылықтың, қиындықтың әсерінен ақын болып шықтым», – дейді [11, 359 б.]. Қалай тартсақ та, жазушылардың жетімдік тақырыбына баруына әсер етуші факторлар көп.

Одан бөлек, жетпісінші жылдардың басында «Жеті жетім» деген физикалық және әлеуметтік жетімдігіне орай жан достардың тобы құрылған. Атауы нашар естілгенімен қазақ әдебиетіндегі жетімдік мәселесінің жазушылардың бойында көрініс табу мәселесін осы жерден де аңғарамыз. «Жеті жетімнің» басын қосқан О. Бөкей. Топта бізге белгілі жазушылар А. Сейдімбек, Б. Нұржекеев, С. Әбдірайым, К. Ахметбеков, К. Сегізбаев кіреді. Бұл суретте алтауы тұр. Жетінші топ мүшесі, суретті түсіріп тұрған – Б. Нұржекеев еді (1-сурет).



Сурет 1 – «Жеті жетім» атты қаламгерлер, құрдастар тобы [12]

Міне, осындай психологиялық қарама-қайшылықтардан қашқан бас кейіпкер Әжігерей ұлт аманатын арқалауға шешім қабылдайды. Әрине, бұл болашаққа деген ұмтылыс болғанымен когнитивті бұзылыстар айқын көрінеді. Кейіпкер өз-өзінен қашады. Бірақ жетімдік пен күйшілік өнердің

ортасында жан мен тәннің жақындығындай байланыс жатыр. Себебі, ол үшін күй сазы – қайғының баламасы істеттес еді. Домбыраның әр пернесінде балалық шағына деген аңсау сезімі жатты. Мақалада зерттеу нәтижелері ойын баласының қалай уайым баласына айналғаны жөнінде мысалдар келтірілді. «Қайғылы күйдің асқына келе ақырында диюға айналып, домбырадан бөлініп, өзінше жеке тіршілік құратынын бірінші рет көрді» деген жолдардан-ақ күйдің де мұң секілді өзінше тіршілік кеше алу қабілеті бар екенін ұғынады [1, 165 б.]. Ақындар жан дүниесіндегі болып жатқан арпалыстарды өлеңмен шығаратыны сынды Әжігерей де бар уайымын күйге төгеді. Мұны «музыкалық терапия» дейді. Әжігерей күй тартқанда мұңын күйге көшіреді. Ішкі қысым сыртқа шығу барысында музыкалық тірек табады. Демек, осы мысалдарды негізге ала отырып, Әжігерейдің жетімдіктен құтқарушы ішкі тірегі – музыка деген шешімге келеміз.

Қорытынды

Жетім тақырыбы – әдебиетте қоғамның ұят-ары іспеттес көркем бейне болса, ғылыми интеграцияда психологиялық, көркемдік, әлеуметтік тақырып ретінде сипатталады. Жетімдік – қоғамдағы институттардың жұмысының әлсіздігін бейнелейтін көрсеткіш. Жетімдік – биографиялық факт болғанымен, тұлғаның рухани жетілуіне жол ашатын баспалдақ. Ал прозалық шығармадағы Әжігерей сол баспалдақпен биікке көтеріліп, жетімдігінің салдарынан туған жан жарақаттарын күй өнерімен, нақтыласақ музыкалық терапиямен емдей алған тұлға. Ал Т. Әсемқұлов тыңнан түрен салған жазушы. Сондықтан Т. Әсемқұловтың «Талтүсі» жетімдік пен күйшілік тақырыбын қатар алып, шебер суреттей білген тұғыры биік, өнер тілімен өнерілген психоэстетикалық роман.

Зерттеудің әдістері мен мақсаттары прозалық шығармалардағы жетім бейнесіне үңілуге, олардың қат-қабат психологиялық қырларын түсінуге үгіттейді. Зерттеудің келешегі Т. Әсемқұловтың тек күй өнерін ғана шебер суреттеуін емес, жетім мәселесінің музыкалық терапия арқылы жанына жұбаныш тапқанын бағдарлайды. Жетім бейнесі арқылы жазушылар қоғамдағы әділетсіздік, қатыгездік, жалғыздық пен үміттену мәселелерін тереңінен түсіндіреді. Кейіпкерлер арқылы оқырман жетімдік мәселесін өн-бойынан өткізеді. Сондықтан моральдық құндылықтардың дағдарысын ашып суреттейтін жетімдік күйі Т. Әсемқұлов шығармасында ерек ойлармен өрілгенін ғылыми мақалада дәлелдедік. Физикалық жетімдіктің рухани жетімдікке ұласуы адам тағдырын күйрететіні жөнінде мысалдар келтірген. Прозалық туындыдағы экзистенциалдық сарын мәселесі талданып, тұлға концептісіне зерделей баға берілді. Ғылыми мақалада С. Қасқабасовтың қазақ ертегілерінен бастау алған жетімдік мотивін зерттеу еңбегіне шолулар жасалып, түсініктеме жасалды. Сондай-ақ, Ж. Аймауытовтың «Психология» еңбегіндегі «ішкі тірек» мәселесіне және «жазушы – жетімнен шығады» анықтамасына талдау жұмыстары жүргізілді. Ғылыми психологиядағы

«Бір меннің бірнеше менге ыдырауы», «Қосарланған жетімдік», «Айна» секілді теорияларға мысалдар келтіру арқылы тұжырымдалды. Зерттеудің нәтижесі Т. Әсемқұловтың «Талтүс» романындағы Әжігерейдің жетімдік күйін, тұлғалық дағдарысын, трагедиясы мен уәжін, жан жарақаттарын сипаттау арқылы дәлелденді. Автордың бас кейіпкерді жетім бала ретінде сипаттауы автордың жеке биографиясынан екені анықталды. Соған сай өзге жазушылардан да мысалдар келтірілді. Ата-анасыз өскен кейіпкердің кейінгі өміріндегі эмоционалдық күйзелістері психологиялық тұрғыдан қарастырылды. Ұлттық прозадағы осыған ұқсас шығармалардан деректер келтірілді. Одан бөлек, қорғансыз кейіпкер бейнесінің жан жарақаттары арқылы түрлі күйге енетін, бірақ өз жарасын өзі емдейтін жаңа әдеби формасы пайда болды. Тамырсыздық, белгісіздік мәселелерінің кейіпкер санасында жарылыс туғызатыны сипатталды. Осы аталған ой-тұжырымдарды ескере келе, мақала келешекте де балалар әдебиетіндегі зерттеу жұмыстарына теориялық тұрғыдан көмекші құрал бола алады деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әсемқұлов Т. Талтүс, Тәттімбет сері: роман. – Астана: Лиля Калаус баспа үйі, 2020. – 432 б.

[2] Аймауытов Ж. Психология: оқу құралы. – Алматы: Мазмұндама, 1927. – 446 б.

[3] Rizzolatti G., Craighero L. The mirror neuron system // Oxford Handbook of Cognitive Neuroscience. – Oxford: Oxford University Press, 1992. – Pp. 12-32.

[4] Nemiah J. C., Freyberger H., Sifneos P. E. Alexithymia: Toward an Experimental, Processual Affective Science. – London: Routledge, 1970. – 345 p.

[5] Қасқабасов С. Таңдамалы шығармалар. – Астана: Фолиант, 1991. – 424 б.

[6] Bowlby J. A Secure Base: Parent-Child Attachment and Healthy Human Development. – New York: Basic Books, 1988. – 564 p.

[7]. Twain M. The Adventures of Huckleberry Finn. – London: Chatto & Windus, 1885. – 561 p.

[8] Исакова Г.Ж., Таңсықбай Ә.Қ., Төлеутаева А.Ғ., Шарипов Р.Х. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында «қорқыныш» пен «қорғансыздық» концептілерінің вербализациялануы // ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – №4 (79). – Б. 92–107. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/53/68>.

[9] Hemingway E. Selected Essays and Interviews. – New York: Modern Library, 1961. – Pp. 156-158.

[10] Мағауин М. Мен: роман. – Алматы: Қасым баспа үйі, 1998. – 573 б.

[11] Мырза Әлі Қ. Иірім: өлеңдер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2004. – 360 б.

[12] Ақмолда Ә. Instagram әлеуметтік желісіндегі жарияланым //

Instagram. – 2025. – 15 қыркүйек. <https://www.instagram.com/p/CpGFRlrLPHw/>
15.09.2025

REFERENCES

[1] Asemqulov T. Taltus, Tatimbet seri [Novel]. – Astana: Liliya Kalas baspa uyi, 2020. – 432 b. [in Kaz.].

[2] Aimauytov J. Psikhologiya [Psychology: textbook]. – Almaty: Mazmundama, 1927. – 446 b. [in Kaz.].

[3] Rizzolatti G., Craighero L. The mirror neuron system // Oxford Handbook of Cognitive Neuroscience. – Oxford: Oxford University Press, 1992. – Pp. 12-32.

[4] Nemiah J. C., Freyberger H., Sifneos P. E. Alexithymia: Toward an Experimental, Processual Affective Science. – London: Routledge, 1970. – 345 p.

[5] Qasqabasov S. Tandamaly shygarmalar [Selected works]. – Astana: Foliant, 1991. – 424 p. [in Kaz.].

[6] Bowlby J. A Secure Base: Parent-Child Attachment and Healthy Human Development. – New York: Basic Books, 1988. – 564 p.

[7] Twain M. The Adventures of Huckleberry Finn. – London: Chatto & Windus, 1885. – 561 p.

[8] Iskakova G.Zh., Tanysbay A.K., Toletaeva A.G., Sharipov R.Kh. Z. Aimaytovtyng «Aqbilek» romanında «qorqunysh» pen «qorgansyzdıq» konseptilerining verbalizatsiyalanuy [Verbalization of the concepts “fear” and “vulnerability” in Z. Aimaytov’s novel “Akbilek”] // ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. «Philological Sciences» series. – 2025. – No 4 (79). – B. 92-107. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/53/68>. [in Kaz.].

[9] Hemingway E. Selected Essays and Interviews [Collected essays and interviews]. – New York: Modern Library, 1961. – 157 p.

[10] Magauin M. Men [Novel]. – Almaty: Qasym baspa uyi, 1998. – 573 b. [in Kaz.].

[11] Myrza Ali Q. Iirim [Poetry collection]. – Almaty: Atamura, 2004. – 360 b. [in Kaz.].

[12] Aqmolda A. Instagram post // Instagram. – 2025. – 15 September. <https://www.instagram.com/p/CpGFRlrLPHw/> 15.09.2025

МИРОВОЗЗРЕНИЕ РЕБЕНКА-СИРОТЫ В РОМАНЕ Т.

АСЕМКУЛОВА «ПОЛДЕНЬ»

* Айдарбекова А. А.¹

¹Қазақстанның миллионналық университетінің атындағы аль-Фараби
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Роман Т. Асемқұлова «Полдень» – произведение, раскрывающее психологию и мировоззрение ребенка-сироты. Через образ сироты в прозаическом произведении можно понять не только судьбу

личности, но и общечеловеческое бытие. В романе дедушка, стараясь скрыть отсутствие родителей, всеми силами пытался оградить внука от чувства утраты, но в душе мальчика все равно проступает тоска. Умело показаны внутренние страхи и борьба ребенка, подвергавшегося жестокости со стороны мачехи. Вероятно, поэтому главный герой стремится собрать самого себя из книг, звуков домбры и поучительных бесед за семейным столом.

Основная цель этой статьи — изобразить внутренний мир сироты Ажигера в романе автора «Полдень» и углубиться в проблему экзистенциального одиночества. В статье проводится всестороннее исследование духовного мира сироты и анализируется проблема духовного одиночества с философской и психологической точек зрения. Ее центральная идея заключается в анализе художественных приемов, которые автор использует для изображения психологически травмированного персонажа. Описание пути духовно голодного сироты к поиску своего «я» через воздействие на сознание героя проблем безродности, неопределенности. В исследовании используются метод художественно-литературного анализа, метод психологического анализа, метод когнитивного анализа, экзистенциально-философский метод и прогностический метод. Произведение, в котором раскрываются не только эмоциональные переживания ребенка-сироты, но и его стремление к самоидентификации через музыку, процесс формирования личности и экзистенциальные страхи, переданные посредством символической системы. Кроме того, была выявлена связь между внутренним состоянием сироты и его кюем — музыкальным произведением, отражающим его переживания. Установлено, что одной из основных тем романа «Полдень» является не только развитие искусства кюя, но и погружение во внутреннее состояние ребенка-сироты. Исследуются причины выбора автором в качестве главного героя сироты и делаются соответствующие выводы. Также исследуются попытки главного героя залечить раны сиротства с помощью искусства куй, то есть музыкальной терапии. Исследование служит основой для литературно-теоретического анализа образа сироты, а полученные результаты рекомендуются для использования в учебной и научной практике.

Ключевые слова: полдень, сирота, одиночество, душевная травма, личность, искусство, музыка, состояние, детство

THE WORLDVIEW OF AN ORPHAN CHILD IN T. ASEMKULOV'S NOVEL «A LIFE AT NOON»

*Aidarbekova A. A.¹

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Roman T. Asemkulov's novel «A life at noon» is a work that reveals the psychology and worldview of an orphaned child. Through the image

of an orphan in a prose work, one can understand not only the fate of an individual, but also the universal human condition. In the novel, the grandfather tries to hide the absence of the parents, but a metaphysical longing wells up within the child. This is probably why the main character seeks to find himself in books, the sounds of the dombra, and instructive conversations at the family table.

The main purpose of the article is to describe the inner world of the orphan Azhigerei in the novel «A life at noon» and to examine the problem of existential loneliness. The article conducts a comprehensive study of the spiritual world of the orphan and analyzes the problem of spiritual loneliness from a philosophical and psychological point of view. The main idea is to analyse the artistic techniques the author has used in depicting a wounded character. The study employs the methods of literary-artistic analysis, psychological analysis, cognitive analysis, existential-philosophical analysis and speculative analysis.

As a result of the study, it turns out that the author's novel «A life at noon» is a work that explores not only the history of Kui art, but also the aspirations of an orphan child who tries to find himself through Kui, the path of formation as a person, fears in the depths of consciousness expressed through symbolism. The study serves as a basis for the literary-theoretical analysis of the orphan image and the findings are recommended for use in teaching and scientific practice.

Keywords: a life at noon, orphan, loneliness, emotional trauma, personality, art, music, fortune, childhood

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 25.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Автор туралы мәлімет:

Айдарбекова Ақгүл Айдарбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: aydarbekova.akgul@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-0556-3353>

Сведения об авторе:

Айдарбекова Ақгүл Айдарбековна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: aydarbekova.akgul@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-0556-3353>

Information about the author:

Aidarbekova Akgul Aidarbekkyzy – doctoral Student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aydarbekova.akgul@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-0556-3353>